



БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ

1. КОДЕКСТІҢ МАҚСАТТАРЫ

Буллингке қарсы Кодекс мектепте жәбірлеуді (буллингті) алдын алу және оған жол бермеу, сондай-ақ мектепте жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған кезде өзара іс-қимыл тәртібін айқындау мақсатында әзірленген.

Бұл Кодекс 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, БҰҰ-ның 1989 жылғы Бала құқықтары туралы Конвенциясына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-III Заңдарымен, оның 5-бабының 46-26) тармақшаларына және 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» № 293-VI, Мектептің Жарғысына және «Quantum STEM school» ЖШС-нің Ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес әзірленді.

Буллингке қарсы Кодекс мектеп әкімшілігінің, оның қызметкерлерінің, оқушыларының, ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің, оқушылардың өзара қарым-қатынас кезінде (мектеп ішінде де, одан тыс жерлерде де, Интернет желісіндегі қарым-қатынасты қоса алғанда) мінез-құлық қағидаларын, құқықтары мен міндеттерін белгілейді, буллинг жағдайларында тиімді әрекет етуге және ондай әрекеттердің қайталап жасалуына қарсы тұруға мүмкіндік береді.

2. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Буллингтің алдын алудың негізгі шарты мектептегі ынтымақтастық, қолдау және қамқорлық ахуалын қалыптастыру болып табылады, бұл жәбірлеу ықтималдығын азайтады.

Quantum STEM school білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін мейірімді және қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуге тырысады. Буллинг жағдайлары туындаған жағдайда, білім беру процесінің барлық қатысушылары туындаған оқиғаларды тез және тиімді шешу үшін ол туралы хабарлай білуі және әрекет ету алгоритмін білуі тиіс.

2.2. Біз оқушыларымызға өздеріне деген сенімділікті арттыратын, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын және осы дағдыларды қолдануға мүмкіндік беретін дағдыларды үйретеміз. Quantum STEM school құндылықтары, «Оқушының портреті», тақырыптық сынып сағаттары, психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасы оқушылардың жәбірлеудің сипаты мен себептері туралы хабардарлығын арттырады, оның пайда болуын болдырмауға көмектеседі және мектептегі қудалауға нөлдік төзімділік мәдениетін дамытады.

2.3. Quantum STEM school білім беру үдерісінің барлық қатысушылары осы Кодексті іске асыру үшін бірлесіп жауап береді.

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1. Мектепте жәбірлеу (буллинг) – бір немесе бір топ балалардың басқа балаға (басқа балаларға) үнемі қасақана көрсететін теріс әрекеттері.

3.2. Алдын алу - бұл баланың денсаулығы мен әл-ауқатын сақтауға бағытталған сақтық шараларының немесе әрекеттер жүйесінің жиынтығы.

3.3. Жәбірлеуді (буллингті) анықтау – жәбірлеу (буллинг) белгілері болуы мүмкін іс-әрекет немесе әрекетсіздік туралы сенімді ақпарат алу, олардың себептерін анықтау, оны жасауға кінәлі адамдарды анықтау.

3.4. Баланы жәбірлеуді алдын алу - бұл баланың өміріне, денсаулығына және әл-ауқатына физикалық, психологиялық зиян мен басқа да қауіптерді алдын алатын әрекеттерді жүзеге асыру.

3.5. Баланы жәбірлеуге (буллингке) ден қою - жәбірлеу жағдайлары анықталғаннан кейін уақтылы тергеу және қорлау агрессорына тәртіптік шаралар қолдану, қорлаудан зардап шеккен адамға көмек көрсету және қорлау агрессорына оңалту шаралары үшін қолданылатын шаралар.

3.6. Буллингтің түрлері:

Ауызша қорлау - біреуді (сыртқы түрі, діні, этникалық тегі, мүгедектігі, киім стилінің ерекшеліктері және т.б.) үнемі қорлауды, жәбірлеуді және дөрекі пікірлерді қамтитын қатыгез сөздер арқылы ауызша қорлау немесе қорқыту.

Физикалық қорлау - агрессивті әрекеттер арқылы физикалық қорлау (соққылар, тепкілеу, аяқтан шалу, итеру, қажетсіз және орынсыз тәсілдермен жанасу).

Әлеуметтік - психологиялық жәбірлеу - оқшаулау тактикасын қолдана отырып, елемеу, топтан және жалпы істерден шығару, күлкіге қою, бойкот жариялау, айла-шарғы жасау, жәбірленушінің мүлкін қасақана бүлдіру немесе ұрлау.

Кибербуллинг - электрондық пошта, мәтіндік хабарламалар және әлеуметтік медиа хабарламалары арқылы қауесеттер және жалған ақпарат тарату, парақшаларды бұзу, жағымсыз хабарламалар мен түсініктемелер жіберу, фотосуреттерді, жеке деректерді ұрлау және тарату.

3.7. Жәблеуге қатысушылар:

Жәбірлеуді бастаушы (агрессор) - оны қорқыту және/немесе денсаулығына зиян келтіру мақсатында басқа адамға қатысты қорлау сипатындағы әрекеттерді жүйелі түрде жасайтын адам;

Жәбірлеудің құрбаны - жеке немесе ұжымдық қорлау нәтижесінде зардап шеккен, азап шеккен, күйзеліске ұшыраған және физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылықтан басқа да жағымсыз салдарларды бастан кешірген адам;

Жәбірлеудің куәгерлері (бақылаушылар) – бұл қорлау жағдайына қатысатын адамдар. Бұл жағдайда бақылаушы: жәбірленушіні қорғауға тұра алады; жанжалға араласпай пассивті позицияны ұстана алады немесе агрессорға қосыла алады.

4. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖӘНЕ МЕКТЕПТІҢ БАСҚА ДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Барлық қызметкерлер балалардың денсаулығы мен әл-ауқатына жауап береді және жәбірлеу туралы кез келген фактілерге жауап беруге және алгоритмге сәйкес әрекет етуге міндетті (8-тармақ).

4.2. Мектеп оқушыларымен өзара әрекеттесу кезінде мұғалім, сондай-ақ мектептің басқа қызметкерлері:

— кез келген оқушыға немесе оның туыстарына қатысты қорлайтын сөздер айтуға жол бермеуі;

— кез келген оқушыға қатысты қандай да бір физикалық әсер ету шараларына жол бермеуі;

— кез келген оқушыға қатысты діни, ұлттық, нәсілдік, гендерлік, мүліктік немесе өзге де белгілер бойынша кемсітушілік көрсетуге жол бермеуі;

— бір оқушы жасаған іс-әрекеттері үшін оқушылар тобының ұжымдық жауапкершілік шараларын қолдануды;

— оқушыларды бір немесе бірнеше оқушыға бойкот жариялауға немесе осы Кодексте баяндалған қорлау ұғымына жататын өзге де әрекеттерге шақыруды;

— басқа оқушылардың қатысуымен оқушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың тұлғааралық қарым-қатынастары мен сезімдерін сынау және оларға пікір білдіруді;

— оқушыларға лақап ат және жалған ат беруді;

— интеллектуалды, әлеуметтік немесе кез келген басқа аспектідегі оқушылар арасындағы айырмашылықты атап өтуді;

— осы Кодекске сәйкес осындай деп танылған оқу процесіне қатысушыларды жәбірлейтін және қорлайтын өзге де іс-әрекеттер жасауды болдырмауы тиіс.

4.3. Мектеп қызметкері қоздырушы болып табылатын қорлау белгілері анықталған жағдайда, куә мектептегі жәбірлеуді хабарлау, алдын алу және мектептің тиісті қызметкеріне тәртіптік шаралар қабылдау туралы мәселені шешу мақсатында оларға белгілі болған қорлау эпизодтары туралы әкімшілік мүшелеріне дереу хабарлауға міндетті. Бұл жағдайды мектептің тәртіптік комиссиясы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес қарайды.

5. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Оқушы:

— ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

— мектептегі жәбірленуден (буллингтен) қорғалуға;

— мектептегі жәбірлеудің жолын кесу бойынша шұғыл шаралар қабылдауға;

— егер мұндай шарт оларға айтылған болса, оның мектептегі жәбірлеу туралы үндеуін жасырын ұстауға;

— мектептегі жәбірлеу туралы өтінішімен байланысты жағымсыз салдардан қорғалуға құқылы.

5.2. Оқу үдерісінің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу кезінде оқушы:

— қорлайтын сөздерді айтуға жол беруге;

- жәбірлеу сипатындағы әрекеттерді жасауға, физикалық зорлық-зомбылықты қолдануға, заттарды лақтыруға және т. б;
- қорлайтын (теріс) сипаттағы лақап аттарды қолдануға;
- басқа біреудің мүлкін бүлдіруге;
- оқу процесіне бір немесе бірнеше қатысушыны ұжымдық елемеуді (бойкот жариялауды) ұйымдастыруға;
- басқа оқушы немесе мектеп қызметкері ұйымдастырған қорлауға қосылуға;
- осы Кодексте баяндалған мектептегі қорлау ұғымына жататын іс-әрекеттер жасауға және (немесе) басқа оқушыларды шақыруға тиісті емес.

6. МЕКТЕП ӘКІМШІЛІГІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

6.1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

- мектепте жәбірлеуді алдын алу және анықтау бойынша шаралар қабылдайды;
- буллингті алдын алу бойынша жылдық іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және іске асыруға жауапты
- дәрістер, семинарлар, тәжірибелік сабақтар ұйымдастыру арқылы, оның ішінде мектептен тыс ұйымдарды тарта отырып, қорлаудың (буллингтің) алдын алу мәселелерінде білім беру процесіне қатысушылардың хабардарлығын арттырады;
- мектептегі жәбірлеумен күресу тәжірибесін жалпылау мақсатында мемлекеттік органдармен, басқа білім беру мекемелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

6.2. Мектеп әкімшілігі мектептегі қорлау фактілері туралы, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, кез келген өтініштерді тіркеуге, оларға жауап беруге және мектептегі қорлауды анықтау және болдырмау үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті:

- жәбірлеуге қатысушылармен, оқушылардың заңды өкілдерімен бірлескен әңгімелер ұйымдастыру;
 - қызметі жәбірлеу (буллинг) жағдайларын профилактикасына, алдын алуға, анықтауға және оларға ден қоюға бағытталған жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі комитетті құру;
 - бейінді ұйымдарды тарту;
 - қоздырушылар мен қорлауға қатысушыларға қатысты Quantum STEM school ішкі тәртіп ережелерінде көзделген тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану.
- 6.3. Баланы жәбірлеу (буллинг), сондай-ақ оған қатысты қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер (әрекетсіздік) туралы қандай да бір ақпарат алған жағдайда, мектеп әкімшілігі оның құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдау үшін ішкі істер органдарына дереу хабарлайды.

7. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

7.1. Мектеп аумағында оқушылардың заңды өкілдеріне:

- заңды өкілдері болып табылмайтын оқушылармен осы оқушылардың заңды өкілдерінің қатысуынсыз қарым-қатынас жасауға;

- осы Кодексте баяндалған мектепте жәбірлеу ұғымына жататын оқу процесіне қатысушыларға қатысты қорлайтын сөздерге жол беруге, сол сияқты өзге де іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

7.2. Заңды өкілдер мектептегі жәбірлеу фактілері бойынша дер уақытында әрекет ету және тиісті шаралар қабылдау үшін мектеп әкімшілігіне жүгінуге құқылы.

8. ЖӘБІРЛЕУ ФАКТІЛЕРІН АНЫҚТАУ БОЙЫНША ІС-ҚИМЫЛ АЛГОРИТМІ

